

Мерзімі: 05.09.2022ж

Қатысқандар: 7

Қатыспағандар: 0

Күн тәртібіндегі мәселелер.

Тақырыбы: «МДМ жаңа оқу жылына дайындығы».

1. Балалармен жазғы сауықтыру кезеңі туралы есеп
2. Балабақшаның оқу жылындағы мақсат - міндеттерімен таныстыру
3. МДМ жаңа оқу жылына дайындығының сараптамасы
4. МДМ жылдық жоспарды бекіту (сабақ кестесі, күн тәртібінің кестесі, топтың перспективалық, айлық, апталық жоспарлары.)
5. Аттестаттау туралы

Тыңдалды:

-Бірінші мәселе бойынша медбике С.Досымбекова жазғы сауықтыру жұмысының өтілу барысына есеп берді. Балалардың жазғы маусымда жеткілікті мөлшерде шынықтыру, сауықтыру шараларын қабылдағанын айтып өтті. Балалардың денсаулығын нығайту барысында атқарылған жұмыстарынан фотоесеп берді.

-Екінші мәселе бойынша меңгеруші А.Камашева биылғы оқу жылындағы балабақшаның оқу жылындағы мақсат - міндеттерімен таныстырып өтті.

1. «Таным», «Физикалық» дағдыларының мазмұнына сәйкес балаларға қимыл-қозғалыс белсенділігін қатар қарапайым математикалық ұғымдарды тиімді тәсілдермен жан жақты меңгертуге жағдай жасау.

2. «Шығармашылық» пен «Коммуникация» дағдыларын кіріктіру әдісімен балалардың өзара тілдік қатынасы дамыту, олардың ойлау және сөйлеу қабілеттерін, шығармашылық қабілетін арттыру. Оқу жылындағы кездесетін келеңсіз кемшіліктер болса дер кезінде жойып отыруға, күш біріктіріп тәжірибе алмасып отыруға шақырды.

-Үшінші мәселе бойынша мектепке дейінгі мекеменің жаңа оқу жылына дайындығының сараптамасы туралы әдіскер Д.Куанышбаева айтып өтті. Топтар арасындағы жаңа оқу жылына дайындықты «Күншуақ» ересектер тобы мен «Құлыншақ» орта тобы жоғары деңгейде көрсете білді. «Таным» дағдысы бойынша дидактикалық материалдар, «Физикалық» дағдысы бойынша дене шынықтыру құралдарын, атрибуттар жасап топтың базасын жаңартып толықтырған.

4. Мектепке дейінгі мекеменің жылдық жоспары топтардың жылдық перспективасы, айлық, апталық жоспарлары бекітілді. (сабақ кестесі, күн тәртібінің кестесі, топтың перспективалық, айлық, апталық жоспарлары.)

5. Педагогтардың аттестаттау туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 сәуірдегі №152 және 2018 жылғы 29 маусымдағы №316 «Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру

бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы №83 бұйрығына өзгерістер енгізілді деп бұйрықпен таныстырды. Осы сұрақ бойынша аттестаттау комиссиясы төрайымының орынбасары әдіскер Д.Қуанышбаева сөз алды. Ол жоғарыда көрсетілген бұйрық бойынша аттестаттау ережелерімен таныстырды. Бірінші кезеңінде тест сынағы болатындығын және соған дайындықты күшейту қажеттілік туралы айтты. Ұстаздарға портфолио жинатындығы туралы айтып өтті.

Шешімі:

1. Медбике С.Досымбекова жазғы сауықтыру шараларының есебі қанағаттанарлық деп қабылданын.
2. Топтардың жылдық жоспары (сабақ кестесі, күн тәртібінің кестесі, топтың перспективалық, айлық, апталық жоспарлары.)
Балабақшаның жылдық жоспары бекітілсін.
3. Педагог қызметкерлерінің өтініштері қабылданып тізімі бекітілсін.
4. Педкеңес шешімдерінің орындалуын қадағалауды өзімнің жауапкершілігіме жүктеймін.

Жиналыс төрайымы: Қамашева А.Камашева

Жиналыс хатшысы: Қоянбаева Қоянбаева Айнагүл